

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау
министрлігіҚазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2020 жылғы 2 қазандағы № ҚР
ДСМ-112/2020 бұйрығы.
Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде 2020
жылғы 5 қазанда № 21493 болып
тіркелдіМинистерство здравоохранения Республики
Казахстан

Рецепттерді жазып беру, есепке алу және сақтау қағидаларын бекіту туралы

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінің 233-бабы 5-тармағының үшінші бөлігіне сәйкес
БҰЙЫРАМЫН:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.06.2023 № 102 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Рецепттерді жазып беру, есепке алу және сақтау қағидалары бекітілсін.
2. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.
3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:
 - 1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;



«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код



ҚР НҚА ЭББ-гі нақты
құжатқа сілтеу QR-коды

3) осы бұйрықты мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі

А. Цой

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2020 жылғы 2 қазаны
№ ҚР ДСМ-112/2020
бұйрығына 1-қосымша

Рецепттерді жазып беру, есепке алу және сақтау қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Рецепттерді жазып беру, есепке алу және сақтау қағидалары «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 233-бабы 5-тармағының үшінші бөлігіне сәйкес әзірленді және рецепттерді жазып беру, есепке алу және сақтау тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.06.2023 № 102 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Рецепттерді жазып беру, есепке алу және сақтау тәртібі

2. Рецепттерді «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелген) нысан бойынша бланкілерде тиісті медициналық көрсетілімдер бар болған кезде өз құзыреті шегінде, амбулаториялық, профилактикалық, диагностикалық, емдік, оңалту немесе паллиативтік көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының медицина қызметкерлері қағаз және (немесе) электрондық түрде жазып береді.

3. Қағаз нысанындағы рецепттер рецепт жазып берген медицина қызметкерінің қолымен расталады.

Электрондық нысандағы рецепттер рецепт жазып берген медицина қызметкерінің электрондық-цифрлық қолтаңбасымен расталады.

4. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі шеңберінде босатылатын дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды алуға рецепттер амбулаториялық деңгейде автоматтандырылған жүйеде электрондық түрде жазылып беріледі, есепке алынады және мониторинг жүргізіледі.

Электрондық нысанда рецепттерді жазып беру мүмкіндігі болмаған жағдайда рецепттерді жазып беру қағаз нысанда жүзеге асырылады.

Дәрілік заттарды тегін немесе жеңілдікті шартта алуға рецепттер медициналық ұйымның бұйрығымен айқындалған уәкілетті тұлғаның қолы қосымша қойылады және «Рецепттер үшін» деген денсаулық сақтау ұйымының мөрімен немесе уәкілетті тұлғаның электрондық-цифрлық қолтаңбамен расталады.

Рецепттерге қол қоюға құқығы бар уәкілетті адамдардың қолдарының үлгілерін денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарымен тиісті шарттары бар фармацевтикалық қызмет объектілеріне медициналық ұйымдар жібереді.

Фельдшерлік-акушерлік пункттің меңгерушісі тегін және жеңілдікті негізде дәрілік заттарды алуға рецептіні өз қолымен және фельдшерлік-акушерлік пункттің мөрімен немесе электрондық-цифрлық қолтаңбамен растайды.

5. Ауылдық елді мекендерде дәрігерлер болмаған жағдайда науқастарға амбулаториялық қабылдауды жүргізетін орта медицина қызметкері рецепттерді жазып береді.

6. Қазақстан Республикасында тіркелмеген және қолдануға рұқсат етілмеген дәрілік заттарға рецепттер жазып берілмейді.

7. Рецепттер науқастың жас шамасы және дәрілік заттардың құрамына кіретін ингредиенттердің әсерінің сипаты ескеріліп жазылады.

8. Тегін және жеңілдікті дәрілік заттарды алуға рецептінің мазмұны мен нөмірі науқастың амбулаториялық картасында белгіленеді.

9. Рецепттер дәрілік заттардың халықаралық патенттелмеген атауымен қазақ немесе орыс немесе латын тілдерінде жазылады, пациенттің қабылдауына болмайтын, дәрілік препарат құрамы көп компонентті болған жағдайларда саудалық атауымен жазылады. Рецепттер бланкте көзделген барлық бағандарын міндетті түрде анық толтырумен, қолдану тәсілі, дозасы, жиілігі және қабылдау

ұзақтығы көрсетіле отырып, тиісті бағандарда жазылады. Жалпылама нұсқаулармен («Белгілі», «Ішке қолдануға», «Сыртқа қолдануға») шектеулерге жол берілмейді. Рецептінде түзетуге жол берілмейді.

Қатты шашылатын заттар граммен (0,001; 0,02; 0,3; 1,0), сұйық заттар – миллилитрлерде, грамдарда және тамшыдәріде жазылып беріледі.

10. Рецептінде осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес негізгі рецептуралық қысқартулар қолданылады.

11. Тегін немесе жеңілдікті негізде дәрілік заттарды алуға бір рецептуралық бланкте құрамында туынды 8-оксихинолин, гормоналды стероидтар, клонидин, анаболикалық стероидтар, кодеин, тропикамид, циклопентолат, трамадол, буторфанол бар дәрілік заттардың бір атауы, ал қалған дәрілік заттардың – екі атаудан аспайтын атауы көрсетіледі.

12. Рецептінде көрсетілген препараттың біреуі болмаған жағдайда немесе препараттың толық емес қаптамасы босатылған жағдайда дәріханада рецепттің көшірмесі қалдырылады немесе осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес фармацевтика қызметкері жазылып берілген рецепттер бойынша дәрілік заттарды есепке алу журналына енгізеді. Фармацевт рецептiнiң келесi бетiне босатылған препараттың санын көрсетеді.

13. Жоғары бір реттік дозадан асатын дозадағы дәрілік затты жазып беру кезінде дәрігер рецептінде дәрілік заттың дозасын жазып беру және леп белгісімен белгілейді. Дәрігер бұл талаптарды сақтамаған жағдайда фармацевтика қызметкері жазылып берілген дәрілік затты белгіленген жоғары бір реттік дозаның жартысын босатады.

14. Дәрілік заттарға, соның ішінде тегін және жеңілдікті шарттарда босатылатын рецептiлер 3 айға дейiн жарамды.

15. Науқастарға жазылып берілген дәрілік препараттың саны емдеу курсының есебінен, ал тұрақты (ұзақ) емдеуге мұқтаж адамдарға қабылдау жиілігі және емдеу мерзімі, дозасы көрсетіле отырып, күн сайынғы қабылданатын емдеу схемасы есебінен көрсетіледі.

16. Осы Қағидаларға 11-тармақта көрсетілген дәрілік заттарды алуға рецепттерді жазып берілген күннен бастап күнтізбелік 10 күн ішінде жарамды.

17. Дәрілік затқа қағаз түріндегі рецептiнiң сақталу мерзiмi, құрамында есiрткi, психотроптық заттар, прекурсорлар, улы заттар және күштi әсер ететiн заттары бар, бiр жыл сақталатын дәрiлiк затқа, тегiн медициналық көмектiң кепiлдiк берiлген көлемi және (немесе) мiндеттi әлеуметтiк медициналық сақтандыру жүйесi шеңберiнде босатылатын, сақталу мерзiмi екi жылды құрайтын дәрiлiк затқа рецептiнi қоспағанда, кемiнде күнтiзбелiк отыз күндi құрайды.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрiнiң 05.06.2023 № 102 (алғашқы ресми жарияланған күнiнен кейiн күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi) бұйрығымен.

18. Сақтау мерзiмi өткеннен кейiн рецептiлер жоюға жатады.

19. Рецептiлердi жою үшiн құрамында дәрiхананың, дәрiхана пунктiнiң басшысы мен материалдық-жауапты адамдары бар комиссия құрылады.

Комиссия жою туралы акт жасайды, онда жойылған рецептiлердiң кезеңi мен саны жазбаша көрсетiледi.

20. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ұйымдарында дәрiлiк заттарға жазылып берiлген рецепттер республиканың барлық аумағында жарамды, дәрiлiк заттарды тегiн және жеңiлдiкпен босатуға рецепттердi қоспағанда республиканың әкiмшiлiк-аумақтық бiрлiгiнде жарамды.

21. Төтенше жағдай, шектеу iс-шараларының, оның iшiнде карантин кезеңiнде қағаз түрiнде рецептiнiң жазып беру мүмкiн болмаған жағдайда құрамында есiрткi және психотроптық заттар бар дәрiлiк заттарды, прекурсорлар мен уытты заттарды қоспағанда электрондық байланыс құралдарын пайдалана отырып (оның iшiнде мобильдi қосымшалар арқылы) электрондық түрде не рецепт немесе пациенттiң және дәрiгердiң тегi мен аты-жөнi, дәрiгердiң жұмыс орны көрсетiле отырып, электрондық түрде рецептiлердi жазып беруге жол берiледi.

Пациент рецептiнiң электрондық көшiрмесiн дәрiханаға, денсаулық сақтау ұйымдарындағы дәрiхана пунктiне, шалғайдағы ауылдық жерлерге арналған, дәрiханадан ұйымдастырылған жылжымалы дәрiхана пунктiне электрондық байланыс құралдары арқылы (оның iшiнде мобильдi қосымшалар арқылы) жiбередi және ол төтенше жағдай, шектеу iс-шаралары, оның iшiнде карантин

аяқталғаннан кейін кемінде отыз күнтізбелік күн дәріхананың электрондық базасында сақталады.

Рецепттерді жазып беру, есепке алу және сақтау қағидаларына 1-қосымша

Негізгі рецептуралық қысқартулар

Қысқартулар	Толық жазылуы	Аудармасы
aa	ana	бойынша, тең бөлінген
ac. acid.	acidum	қышкыл
amp.	ampulla	Ампула
aq.	aqua	Су
aq. purif.	aqua purificata	тазартылған су
but.	butyrum	май (қатты)
comp., cps.	compositus (a, um)	күрделі
D.	Da, Detur, Dentur	Бер. Берілетін болсын. Осылар берілетін болсын
D.S.	Da, Signa; Detur, Signetur	Бер, белгіле. Берілетін, белгіленетін болсын. Берілсін, белгіленсін
D.t.d.	Da (Dentur) tales doses	Осындай дозаларды бер (берілетін болсын)
Dec.	Decoctum	Қайнатпа
dil.	dilutus	Ерітілген
div. in p.aeq	divide in partes aequales	тең бөліктерге бөл
emuls	emulsum	Эмульсия
extr.	extractum	сығынды, сорып алынған
f.	fiat (fiant)	түзілетін болсын (түзілсін)
gtt.	gutta, guttae	тамшыдәрі, тамшыдәрілер
inf.	infusum	тұнба
in amp.	in ampullis	ампулаларда
in caps.gel.	in capsulis gelatinosis	желатинді капсулаларда
in tabl.	in tab(u)lettis	Таблеткаларда
lin.	linimentum	сұйық жакпа май
liq.	liquor	Сұйықтық
M. pil.	massa pilularum	пилюля массасы
M.	Misce; Misceatur	Араластыр. Араластырылатын болсын. Араластырылсын
N.	numero	Санмен
ol.	oleum	май (сұйық)
pil.	pilula	Пилюля
p.aeq.	partes aequales	тең бөліктер
pulv.	pulvis	Ұнтақ
q.s.	quantum satis	қанша қажет етілсе, қанша керек
r., rad.	radix	Тамыр
Rp.	Recipe	Ал
Rep.	Repete. Repetatur	Қайтала. Қайталанатын болсын
rhiz.	rhizoma	сала тамыр

S.	Signa. Signetur	Белгіле. Белгіленетін болсын
sem.	semen	Ұрық
simpl.	simplex	Қарапайым
sir.	sirupus	Шырын
sol.	solutio	Ерітінді
supp.	suppositorium	Балауыз
tabl.	tab(u)letta	Таблетка
t-ra, tinct., tct.	tinctura	Тұнба
ung.	unguentum	жақпа май
vitr.	vitrum	шыны ыдыс
ppt., praec.	praecipitatus	Тұнған
past.	pasta	Паста

Рецепттерді жазып беру, есепке алу және сақтау
қағидаларына
2-қосымша

Жазылып берілген рецепттер бойынша дәрілік заттарды есепке алу журналы

р /с №	Жі- бер- ген күні	Пациенттің Т. А.Ә. (бар бол- са)	Рецептінің кү- ні және нөмірі	Дәрігердің Т. А.Ә. (бар бол- са)	Препа- раттың атауы	Са- ны	Фарма- цевттің қолы	Фармацевттің Т.А.Ә. (бар болса)	Паци- енттің қолы
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2020 жылғы 2 қазаны
№ ҚР ДСМ-112/2020
бұйрығына 2-қосымша

**Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің және
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму
министрінің күші жойылған бұйрықтарының тізбесі**

1. «Рецептілерді жазу, есепке алу және сақтау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 22 мамырдағы № 373 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11465 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық - құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 9 шілдеде жарияланған);
2. «Рецептілерді жазу, есепке алу және сақтау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 22 мамырдағы № 373 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № ҚР ДСМ-36 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18528 болып тіркелген, ҚР НҚА эталондық бақылау банкінде 2019 жылғы 23 сәуірде жарияланды);
3. «Рецептілерді жазу, есепке алу және сақтау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 22 мамырдағы № 373 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2019 жылғы 30 қыркүйектегі № ҚР ДСМ-131 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19425 болып тіркелген, ҚР НҚА эталондық бақылау банкінде 2019 жылғы 2 қазанда жарияланды).